

2025 - 2027 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы

Павлодар облыстық мәслихатының 2024 жылғы 13 желтоқсандағы № 175/18 шешімі

Ескерту. 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 18-тармағымен.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 91-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 4-тармағына сәйкес, Павлодар облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Павлодар облыстық мәслихатының 30.04.2025 № 192/21 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. 2025 - 2027 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2025 жылға арналған келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 459920030 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер – 90458976 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 6029436 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – нөлге тең;

трансферттер түсімі – 363431618 мың теңге;

2) шығындар – 461323119 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 24752138 мың теңге, соның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 33399055 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 8646917 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 1239086 мың теңге, соның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 1282157 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 43071 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -27394313 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 27394313 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облыстық мәслихатының 26.11.2025 № 223/25 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне салықтан түскен түсімдердің жалпы сомасын 2025 жылға келесі мөлшерлерде үлестіру белгіленсін:

1) ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы бойынша:

Аққулы, Ақтоғай, Баянауыл, Железин, Ертіс, Май, Павлодар, Тереңкөл, Успен, Шарбақты аудандарына – 100 пайыз, Ақсу қаласына – 100 пайыз, Павлодар қаласына – 62,5 пайыз, Екібастұз қаласына – 68 пайыз;

2) төлем көзінен салық салынатын табыстардан және шетел азаматтарының төлем көзінен салық салынбайтын табыстарынан жеке табыс салығы бойынша:

Аққулы, Ақтоғай, Баянауыл, Железин, Ертіс, Май, Павлодар, Тереңкөл, Успен, Шарбақты аудандарына – 100 пайыз, Ақсу қаласына – 100 пайыз, Павлодар қаласына – 47,5 пайыз, Екібастұз қаласына – 52,5 пайыз;

төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан алынатын жеке табыс салығы бойынша:

Аққулы, Ақтоғай, Баянауыл, Железин, Ертіс, Май, Павлодар, Тереңкөл, Успен, Шарбақты аудандарына, Ақсу қаласына Павлодар Екібастұз қалаларына – 100 пайыз;

3) әлеуметтік салық бойынша:

Аққулы, Ақтоғай, Баянауыл, Железин, Ертіс, Май, Павлодар, Тереңкөл, Успен, Шарбақты аудандарына – 100 пайыз, Ақсу қаласына – 100 пайыз, Павлодар қаласына – 47,5 пайыз, Екібастұз қаласына – 52,5 пайыз.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облыстық мәслихатының 30.09.2025 № 214/24 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерден облыстық бюджетке салықтардан түскен түсімдердің жалпы сомасын 2025 жылға келесі мөлшерлерде үлестіру белгіленсін:

1) ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы: Павлодар қаласынан – 37,5 пайыз, Екібастұз қаласынан – 32 пайыз;

2) төлем көзінен салық салынатын табыстардан және шетел азаматтарының төлем көзінен салық салынбайтын табыстарынан жеке табыс салығы бойынша:

Павлодар – 52,5 пайыз, Екібастұз қалаларынан – 47,5 пайыз;

2) әлеуметтік салық бойынша:

Павлодар – 52,5 пайыз, Екібастұз қалаларынан – 47,5 пайыз.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облыстық мәслихатының 30.09.2025 № 214/24 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

4. 2025 жылға өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылар аударымдары түсімдерінің жалпы сомасын облыстық бюджетке бөлу 100 пайыз белгіленсін.

5. 2025 жылға арналған облыстық бюджетте қалалық бюджеттерден облыстық бюджетке жалпы 182537891 мың теңге сомда бюджеттік алымдар ескерілсін, соның ішінде:

Ақсу 4304255 мың теңге;

Павлодар 156804287 мың теңге;

Екібастұз 21429349 мың теңге.

6. 2025 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне облыстық бюджеттен берілетін субвенциялардың көлемі жалпы 9154324 мың теңге сомда ескерілсін, соның ішінде:

Аққулы - 1315413 мың теңге;

Ақтоғай - 1246279 мың теңге;

Железин - 609347 мың теңге;

Ертіс - 1054502 мың теңге;

Май - 894234 мың теңге;

Павлодар - 1089037 мың теңге;

Тереңкөл - 862826 мың теңге;

Успен - 1181561 мың теңге;

Шарбақты - 901125 мың теңге.

7. 2025 жылға арналған жергілікті бюджеттің атқарылу үдерісінде секвестрге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

8. 2025 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне нысаналы ағымдағы трансферттер келесі мөлшерлерде қарастырылғаны ескерілсін:

266751 мың теңге – үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға;

2695839 мың теңге – мүгедектігі бар тұлғалардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға;

1203714 мың теңге – мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге;

542064 мың теңге – мәдениет объектілерін жөндеуге және жарақтауға;

89716 мың теңге – спорт ғимараттарын жөндеуге және орнатуға;

3323532 мың теңге – "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға;

10816972 мың теңге – аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын, елді мекендердің көшелерін күрделі, орташа және ағымдағы жөндеуге;

825609 мың теңге – мектеп жасындағы балалардың қалалық қоғамдық көлікте тегін жол жүруін өтеуге;

9040554 мың теңге – әлеуметтік маңызы бар қалалық, қала маңындағы қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялауға;

123564 мың теңге – коммуналдық меншікке мамандандырылған техника және жабдық сатып алуға;

456522 мың теңге – жылу желілерін, қазандық жабдығын жөндеуге, жылыту қазандықтарын және жабдығын сатып алуға;

100879 мың теңге – сумен жабдықтау жүйелерін ұйымдастыруға және жұмыс істеуіне;

48028 мың теңге – жарықтандыру жүйелерін ұйымдастыруға және жұмыс істеуіне;

864617 мың теңге – балалар алаңын абаттандыруға;

1420357 мың теңге - аумақтарды абаттандыруға.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облыстық мәслихатының 26.11.2025 № 223/25 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

9. 2025 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне нысаналы даму трансферттері келесі мөлшерлерде қарастырылғаны ескерілсін:

1345517 мың теңге – коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға, қайта жаңартуға;

242603 мың теңге – инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға немесе жайластыруға;

2550629 мың теңге – кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамытуға;

2000916 мың теңге – "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға;

1790520 мың теңге – мәдениет объектілерін дамытуға;

1619728 мың теңге – спорт объектілерін дамытуға;

346424 мың теңге – коммуналдық шаруашылықты дамытуға;

2198867 мың теңге – қалаларда сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамытуға;

1772878 мың теңге – ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау жүйесін дамытуға;

438603 мың теңге – моноқалаларда бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға;

5323794 мың теңге – жылу энергетикалық жүйені дамытуға;

428476 мың теңге – электрмен жабдықтауды дамытуға және жарықтандыруға;

961884 мың теңге – қалалар мен елді мекендерді абаттандыруды дамытуға;

314518 мың теңге – көлік инфрақұрылымын дамытуға.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облыстық мәслихатының 26.11.2025 № 223/25 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттеріне облыстық бағдарламалар бойынша берілетін жоғары тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттерінің көлемі 2025 жылға келесі мөлшерлерде белгіленсін:

60829 мың теңге – азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;

4901 мың теңге – арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарындағы медицина қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;

748340 мың теңге – мүгедектігі бар тұлғалардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға;

3009188 мың теңге – халықтың әлеуметтік осал топтары үшін коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін сатып алуға.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облыстық мәслихатының 26.11.2025 № 223/25 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

11. Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттеріне облыстық бағдарламалар бойынша берілетін жоғары тұрған бюджеттен нысаналы даму трансферттерінің көлемі 2025 жылға келесі мөлшерлерде белгіленсін:

2324976 мың теңге – "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға;

4494689 мың теңге – қалаларда сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамытуға;

1000000 мың теңге – ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау жүйесін дамытуға;

1382500 мың теңге – жылу энергетикалық жүйені дамытуға;

1651692 мың теңге – көлік инфрақұрылымын дамытуға;

915060 мың теңге – моноқалаларда бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға.

12. 2025 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне кредит беру келесі мөлшерде ескерілсін:

1071470 мың теңге – мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін;

1589546 мың теңге – тұрғын үй салуға;

7994957 мың теңге – халықтың әлеуметтік осал топтары үшін коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй сатып алуға;

9743082 мың теңге – жылу жүйелерін салуға.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облыстық мәслихатының 30.09.2025 № 214/24 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

13. Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне нысаналы трансферттердің және бюджеттік кредиттердің көрсетілген сомасын үлестіру облыс әкімдігінің қаулысы негізінде анықталады.

14. Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерден облыстық бюджетке 2025 жылға трансферттер түсімін қайта қарау:

шығыстарды оңтайландыруға байланысты:

байланыс қызметтері бойынша – 437849 мың теңге;

функцияны беруге байланысты:

жұмыспен қамту саласында – 1020903 мың теңге;

республикалық деңгейге азаматтық хал актілерді тіркеу – 131902 мың теңге.

Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерден берілетін трансферттердің көрсетілген сомаларының облыстық бюджетке түсімдері облыс әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облыстық мәслихатының 26.11.2025 № 223/25 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

15. Облыстың жергілікті атқарушы органының 2025 жылға арналған резерві 7185520 мың теңге сомасында бекітілсін.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облыстық мәслихатының 26.11.2025 № 223/25 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

15-1. 2025 жылға жергілікті атқарушы органның борыш лимиті 181559413,1 мың теңге сомасында белгіленсін.

Ескерту. Шешім 15-1-тармақпен толықтырылды - Павлодар облыстық мәслихатының 30.04.2025 № 192/21 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

15-2. 2025 жылға жергілікті атқарушы органның мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер лимиті 114265152 мың теңге сомасында белгіленсін.

Ескерту. Шешім 15-2-тармақпен толықтырылды - Павлодар облыстық мәслихатының 30.04.2025 № 192/21 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

16. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандарға, сондай-ақ облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер қарастырылсын.

17. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экономика және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

18. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың төрағасы

И. Теренченко

Павлодар облыстық
мәслихатының 2024
жылғы 13 желтоқсандағы

**2025 жылға арналған облыстық бюджет
(өзгерістермен)**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Павлодар облыстық мәслихатының
26.11.2025 № 223/25 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Санаты				
	Сыныбы Атауы			Сомасы
		Кіші сыныбы		(мың теңге)
1	2	3	4	5
			1. Кірістер	459 920 030
1			Салықтық түсімдер	90 458 976
	01		Табыс салығы	46 926 117
		1	Корпоративтік табыс салығы	12 267 062
		2	Жеке табыс салығы	34 659 055
	03		Әлеуметтік салық	28 101 160
		1	Әлеуметтік салық	28 101 160
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	15 431 699
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	15 396 699
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	35 000
2			Салықтық емес түсімдер	6 029 436
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	2 017 646
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	88 927
		3	Мемлекет меншігіндегі акциялардың	56 518

			мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер	
		4	Мемлекет меншігіндегі заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер	736
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	155 000
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	1 716 465
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылаты н, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылаты н мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	3 051 975
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына және Арнаулы мемлекеттік қорға түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылаты н, сондай-ақ Қазақстан Республикасы	3 051 975

			Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	959 815
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	959 815
4			Трансферттердің түсімдері	363 431 618
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	185 814 542
		2	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден трансферттер	185 814 542
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	177 617 076
		1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	177 617 076

Функционалдық топ						
		Кіші функция Атауы				Сомасы
		Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				(мың теңге)
		Бағдарлама				
1	2	3	4	5	6	
				2. Шығындар		461 323 119
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер		5 524 936
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді,		4 075 466

				атқарушы және басқа органдар	
		110		Облыс мәслихатының аппараты	138 649
			001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	138 649
		120		Облыс әкімінің аппараты	3 306 394
			001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 457 462
			007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	185 547
			009	Әкімдерді сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	663 385
		282		Облыстың тексеру комиссиясы	299 526
			001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	299 526
		747		Облыстың ақпарат және қоғамдық даму басқармасы	330 897
			075	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	330 897
	2			Қаржылық қызмет	612 713
		257		Облыстың қаржы басқармасы	511 608
			001	Жергілікті бюджетті атқару атқару, коммуналдық меншікті басқару және бюджеттік жоспарлау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	257 159
			009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	184 959

			028	Коммуналдық меншікке мүлікті сатып алу	41 832
			113	Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	27 658
		718		Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	101 105
			001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	99 419
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 686
	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	385 336
		258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	385 336
			001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	384 496
			061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	840
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	451 421
		269		Облыстың дін істері басқармасы	207 948
			001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	65 939
			005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	142 009
		700		Облыстың жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы	243 473

			001	Жергілікті деңгейде жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	192 002
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	51 471
02				Қорғаныс	1 416 518
	1			Әскери мұқтаждар	413 938
		773		Облыстың жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы	413 938
			003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	53 218
			004	Аумақтық қорғанысты даярлау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғаныс	12 406
			005	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	348 314
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	1 002 580
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	7 268
			002	Жұмылдыру дайындығы мен төтенше жағдайлардың объектілерін дамыту	7 268
		287		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	853 831
			002	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	764 699

			004	Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	89 132
		773		Облыстың жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы	141 481
			001	Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	76 298
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	65 183
03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	16 094 292
	1			Құқық қорғау қызметі	16 094 292
		252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	16 094 292
			001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15 092 555
			003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	9 684
			006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	992 053
04				Білім беру	235 046 113
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	37 107 704
		261		Облыстың білім басқармасы	37 029 365
			081	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту	4 046 196
				Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының	

		200	қызметін қамтамасыз ету және оларда медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	163 949
		202	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру	32 819 220
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	78 339
		037	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	78 339
2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	156 380 417
	261		Облыстың білім басқармасы	143 953 553
		003	Арнаулы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	4 061 314
		006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	7 877 132
		055	Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру	8 007 807
		082	Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру	83 554 787
		083	Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру	889 605
		203	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға	39 062 300
		204	Жеке орта білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру	500 608

		271		Облыстың құрылыс басқармасы	50
			086	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	50
		285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	12 426 814
			006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	11 215 005
			007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	1 211 809
4				Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	22 507 615
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1 318 343
			043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	1 318 343
		261		Облыстың білім басқармасы	21 066 596
			024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	20 844 423
			025	Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	222 173
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	122 676
			099	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	122 676
5				Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	347 901
		120		Облыс әкімінің аппараты	4 900

			019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	4 900
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	28 647
			003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	28 647
		261		Облыстың білім басқармасы	314 354
			052	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	314 354
6				Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру	470 356
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	442 145
			057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	442 145
		261		Облыстың білім басқармасы	28 211
			057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	28 211
9				Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	18 232 120
		261		Облыстың білім басқармасы	18 232 120
			001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	959 182
			004	Мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін ақпараттандыру	87 698

		005	Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендерін сатып алу және жеткізу	1 539 408
		007	Облыстық, аудандық (қалалық) ауқымдардағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	526 677
		011	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	812 834
		019	Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру	68 000
		029	Білім беру жүйесін әдістемелік және қаржылық сүйемелдеу	1 873 667
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	11 899 842
		086	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алған Қазақстан азаматтарына берілетін біржолғы ақшалай қаражат төлемі	3 245
		087	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қорғаншыға (қамқоршыға) берілетін ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	461 567

05				Денсаулық сақтау	18 479 821
	2			Халықтың денсаулығын қорғау	7 770 080
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	3 960 236
			006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	388 161
			007	Салауатты өмір салтын насихаттау	23 916
			041	Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету	2 622 562
			042	Медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жыныстық құмарлықты төмендетуге арналған іс-шараларды жүргізу	824
			050	Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу	924 773
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	3 809 844
			038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	3 809 844
	3			Мамандандырылған медициналық көмек	1 590 534
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1 590 534
			027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	1 590 534
	4			Емханалар	332 397

		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	332 397
			039	Денсаулық сақтау субъектілерінің қосымша медициналық көмектің көлемін көрсетуі, Call-орталықтардың қызметтер көрсетуі және өзге де шығыстар	332 397
5				Медициналық көмектің басқа түрлері	174 395
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	174 395
			029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	174 395
9				Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	8 612 415
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	8 612 415
			001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	260 556
			008	Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	314 930
			016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	9 942
			018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	71 910
			023	Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	498 000
			033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	7 457 077
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	25 293 500

1			Әлеуметтік қамсыздандыру	10 062 671
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	7 827 556
		002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 651 863
		012	Тірек-қозғалу аппаратының қызметі бұзылған балаларға арналған мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында мүгедектігі бар балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	415 633
		013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	3 390 893
		014	Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	689 790

		015	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедектігі бар балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	565 018
		064	Еңбек мобильділігі орталықтары мен мансап орталықтарының жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі азаматтарды әлеуметтік қолдау бойынша қызметін қамтамасыз ету	1 099 024
		069	Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялау	15 335
	261		Облыстың білім басқармасы	2 225 311
		015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	2 118 146
		092	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	107 165
	271		Облыстың құрылыс басқармасы	9 804
		039	Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау	9 804
2			Әлеуметтік көмек	8 988 087
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	8 988 087

			003	Мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қолдау	112 884
			068	Жұмыспен қамту бағдарламасы	8 875 203
9				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	6 242 742
		256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	6 242 742
			001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	213 621
			018	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	358 440
			044	Жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру	49 367
			053	Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	87 750
			066	Сенім білдірілген агентке жастардың кәсіпкерлік бастамасына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру жөніндегі қызметтеріне ақы төлеу	15 953
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	597 129
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	4 920 482

07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	26 660 906
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	22 542
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	22 542
			054	Жеке тұрғын үй қорынан алынған тұрғынжай үшін азамматардың жекелеген санаттарына төлемдер	22 542
	2			Коммуналдық шаруашылық	22 982 922
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	22 982 922
			001	Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	133 928
			032	Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	487 890
			113	Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	3 207 474
			114	Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	19 153 630
	3			Елді-мекендерді көркейту	3 655 442
		700		Облыстың жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы	3 655 442

			041	Профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізу	3 655 442
08				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	22 242 520
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	4 903 970
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	320 000
			016	Мәдениет объектілерін дамыту	320 000
		748		Облыстың мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы	4 583 970
			005	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	1 664 053
			007	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	976 544
			008	Театр және музыка өнерін қолдау	1 943 373
	2			Спорт	8 391 650
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	1 095 726
			017	Спорт объектілерін дамыту	1 095 726
		285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	7 295 924
			001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	137 213
			002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	536 842
			003	Әртүрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	6 108 397
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	421 938

		113	Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	91 534
3			Ақпараттық кеңістік	5 990 293
	743		Облыстың цифрлық технологиялар басқармасы	3 925 266
		001	Жергілікті деңгейде ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету, жобалық басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	911 406
		008	"Ақпараттық технологиялар орталығы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету	2 651 981
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	361 879
	747		Облыстың ақпарат және қоғамдық даму басқармасы	1 000 803
		007	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	1 000 803
	748		Облыстың мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы	1 064 224
		002	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	53 999
		009	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	351 135
		010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	659 090
4			Туризм	35 581
	285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	35 581
		011	Туристік қызметті реттеу	31 582
			Кәсіпкерлік субъектілерінің	

			044	санитариялық-гигиеналық тораптарды күтіп-ұстауға арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялау	3 999
	9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	2 921 026
		747		Облыстың ақпарат және қоғамдық даму басқармасы	576 542
			001	Жергілікті деңгейде ішкі, жастар саясаты мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	217 110
			003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	343 532
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	15 900
		748		Облыстың мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы	2 344 484
			001	Жергілікті деңгейде мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	180 862
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	806 441
			113	Төмен тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	1 357 181
09				Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	312
	1			Отын және энергетика	312
				Облыстың жер қойнауын пайдалану, қоршаған	

		700		орта және су ресурстары басқармасы	312
			081	Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу	312
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	34 257 741
	1			Ауыл шаруашылығы	31 416 913
		255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	28 373 533
			001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	380 019
			002	Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау	1 121 540
			006	Басым дақылдардың өндірісін дамытуды субсидиялау	500 000
			008	Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялау	1 257 758
			014	Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау	338 921
			029	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы	34 807

			күрес жөніндегі іс-шаралар	
		045	Тұқымдық және көшет отырғызылатын материалдың сорттық және себу сапаларын анықтау	47 668
		046	Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алуға және тіркеу	7 530
		047	Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау	924 959
		050	Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу	8 148 171
		053	Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау	7 711 426
		056	Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау	6 359 879
